

Қостанай қаласының «Мерей» шағынауданының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы бойынша жария тыңдаулар хаттамасы

Қалалық балалар шығармашылығы мектебі
1 қабат

28 наурыз 2023 жылы
10.00 сағат

Төрағалық етті: Д. М. Ихласова – «Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ басшысының орынбасары

Қатысқандар: Қостанай қаласы әкімінің орынбасары және сәулет басқармасының басшысы, ЖАО, БАҚ өкілдері, қала тұрғындары (тізім бойынша)

КҮН ТӘРТІБІ:

Қостанай қаласының «Мерей» шағынауданының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы эскизінің презентациясы (Ихласова, Барков, Катпаев)

1. «Қазгипроград» 1 жобалау институты ЖШС директорының орынбасары А. И. Барковтың ақпараты назарға алынсын.

2. «Қазгипроград» 1 жобалау институты ЖШС **2023 жылғы 15 сәуірге дейінгі мерзімде** егжей-тегжейлі жоспарлау жобасының нобайы бойынша келіп түскен ескертулер мен ұсыныстарды қарасын.

3. «Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ:

- Басқарманың сайтында қоғамдық тыңдаулар хаттамасын орналастырсын;

- **2023 жылғы 25 сәуірге** дейінгі мерзімде қайта көпшілік тыңдаулар өткізсін;

- бұқаралық ақпарат құралдарында, Басқарма сайтында және әлеуметтік желілерде қайталанатын қоғамдық тыңдаулар туралы ақпаратты жарияласын.

4. Осы хаттаманың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«Қостанай облысы әкімдігінің
құрылыс, сәулет және қала құрылысы
басқармасы» ММ басшысының орынбасары



Д.Ихласова